

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 19 наурыз 1992 ж. N 690. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Жер реформасы жөніндегі жұмыстарды тікелей орындауды ұйымдастыруда біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін жер ресурстарын басқару құрылымдарын құру, жер қатынастарын қайта құру және жерде шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарының тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында қаулы

е т е м і н :

1. Республикалық, облыстық және аудандық деңгейде ұстау шығындары республикалық бюджеттен орталықтандырылып қаржыландырылатын жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының біртұтас сатылы жүйесі құрылсын.

2. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық және аудандық комитеттер Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің территориялық органдары қарамағына берілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті